

Кружковая работа служит средством профессиональной ориентации студентов, в ней тесно переплетаются образовательные и воспитательные задачи. Таким образом, внеаудиторная работа носит ярко выраженный воспитывающий характер. Следует подчеркнуть, что для ее успеха необходимо целенаправленная деятельность преподавателя по развитию интеллектуально-творческого потенциала студента-филолога как одного из основных условий подготовки личности к успешному социально значимому функционированию в современном обществе. В программе кружка раскрывается не только содержание, но и указываются прогнозируемые результаты – описание знаний, умений и навыков, которые получают студенты в ходе занятий, развиваемые способности и качества личности.

Таким образом, система внеаудиторной воспитательной работы представляет собой единство целей, принципов, содержания, форм и методов деятельности, включает множество взаимосвязанных элементов. Целью такой системы являются формирование основ гармонически развитой личности, ее активной жизненной позиции, подготовка выпускника-филолога к труду в современном развитом обществе.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Герд Л.С. Введение в этнолингвистику: учебное пособие / Л.С. Герд. – СПб., 1996. – 198 с.
- 2 Шанский Н.М. Педагогическое содержание и лингводидактический характер внеклассной работы по русскому языку в нерусской школе / Н.М. Шанский // Русский язык за рубежом. – 2002. – №2. – С. 66–68.
- 3 Лихачев Д.С. Русская культура. – М.: Искусство, 2000. – С. 159–173.
- 4 Лингвистическое краеведение: учебное пособие / Л.А. Захарова, Н.Г. Нестерова, Г.Н. Старикова. – Томск: Изд-во Том.ун-та, 2005. – 168 с.
- 5 Кружковая работа по русскому языку: Пособие для учителей/ Н.Н. Ушаков. – М.: Просвещение, 1979. – 349 с.
- 6 Организация внеклассной работы по русскому языку: пособие для учителя. – М.: Гуманит. изд.центр ВЛАДОС, 2000. – 184 с.
- 7 Текучев А. В. Методика русского языка в средней школе/ А.В. Текучев. – М.: Просвещение, 1980. – 114 с.
- 8 Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности в учебном процессе / Г. И. Щукина. – М.: Просвещение, 1986. – 126с.
- 9 Климкова Л.А. Диалектолого-онамастическая работа в вузе и школе: методические рекомендации. – Арзамас, 1988. – 45 с.

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ БИІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Мырзағалиева К., Жұмағазы И.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Адамзаттың “екінші ұстазы” атанған Әбу-насыр Әл-Фараби осыдан мың жылдан астам уақыт бұрын “Білім мен тәрбие-жас ұрпақтың қос қанаты” /Ұлт тағылымы. 2001. №3, 18 б./ десе, “Ұлттың ұлы ұстазы” атанған А. Байтұрсынов: “Мал баққандар мал бағуын жақсы білуі керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білуге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білуіне керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын боларға керек” /Байтұрсынов А. “Қазақша оқу жайынан”. “Ақжол”. – Алматы: “Жалын”, 1991. 252 б./, – деп кім-кім де өз кәсібін жетік білуі керектігін айтқан. Ал оқытушылық, яғни ұстаздық – аса жауапты іс. Өйткені, ол адам тәрбиешісі, болашағымыз – бала десек, болашақ адамының қандай дәрежеде болуы мұғалімдер мен оқытушылар қолында. Мұғалім – мектептің жаны. Олар төменгі сынып оқушылары мен жоғары сынып оқушыларын біліммен сусындатып, қанатын қатайтса, оқытушы сол қарақанаттанған жасөспірімдерге одан әрі білім беріп, темірқанаттандырып, биікке самғатушы. Сондықтан да олар арқалаған жүк ауыр, сондықтан да

оларға жүктелген міндет аса жауапты. Мұғалім де, оқытушы да үнемі білімін жетілдіріп, ғылым әлемінде болып жатқан жаңалықтарды, әсіресе өзінің дәріс беріп жүрген саласындағы өзгерістерді біліп отыруға міндетті.

Жас мұғалімдер мен оқытушылардың ғылыммен айналысуына жағдай туғызу қажет.

Білім, ғылым қуу адам жанын рухани байытады, қақ-соқтан, пенделіктен алшақтатады.

Шығармашылықпен айналысу күнделікті күйбең тірлікті де ұмыттырып, әсемдік әлеміне жетелейді. Қиялыңды ұштап, ішкі сарайыңды кеңітеді, өзіңе деген сенімің артып, мақсат-мүддені де биіктей түседі.

Әдебиет – мәдениет, әдебиет – ғылым, әдебиет – өнер, әлемнің барлық дерлік жұмбақ сыры мен шыны әдебиетте.

Әдебиет кафедрасында қызмет істейтін оқытушылардың өзіндік ерекшеліктері болуы керек. Ол ерекшелік – жазу, сыза білу. Өзі жазумен шұғылданбайтын ұстаз сабағы өз мәнінде бола бермейді. Бұл жайында филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиетші Т.Тебегенов: “Сөз өнері пәндерін табиғи шығармашылық қабілеті бар мамандар оқытуы керек қой. Шынайы талантты мамандардың орнына, дипломы бар, бірақ шығармашылық жазу өнерінен мақұрым дүмбілездердің оқытушылық қызмет атқаруы көсегемізді көгертпейді” /Тебегенов Т. Әдебиет – қуатты құрал // Қазақ әдебиеті, 24 қазан, 2005. Б.3./, – дейді.

Еліміз егемендік алғалы өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, бұрын айта алмай келген көптеген мәселелеріміздің – ақтаңдықтарымыздың орны толып келеді. Айтулы арыстарымыз ортамызға оралып, олардың өмірбаянымен, шығармаларымен таныстық. Кеше олар жайында оқытушыларымыз жақ ашпайтын, өйткені жақ аштырмайтын. Аттарын ауызға ала қалса, қуғын – сүргінге ұшыратып, “ұлтшыл”, “ескішіл” деп ат қойып, айдар тағатын. Әлі ашылмаған қазынамыз қанша ма? Кешегі кеңес дәуірінде жазылған дүниелерге бүгінгі күн биігінен сыни көзқараспен қарап, қайта пайымдау үшін көп ізденіс қажет екені даусыз. Мұның себебі де түсінікті, кеңес дәуірінде бұрмалаушылық көп болды. Бәрі коммунистік партияның арқасы, бақытты да, байлықты да, мәдениетті де, әдебиетті де жасаушы жасампаз сол деп жоғарылай сөйледік. Ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық мәдениет, салт-дәстүрімізден алшақтап қалдық.

“Қызға қырық үйден тиым”, “Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол, қызың өссе, қылықтымен ауыл бол” дегендерді қазақ бекер айтпаған. Бұл қыз намысын, арын ойлаудан, қызының қылықты, абыройлы, ұлының ұятты, ұлағатты болуын көздеуден туған мақалдар. Әсіресе, қыздарға ұлттық тәрбие беру керек-ақ. Мектепте, арнаулы орта білім беретін және жоғары оқу орындарында “Бойжеткен”, “Қызым саған айтам”, әйтпесе, “Гауһар”, “Еңлік” тағы басқа сол сияқты атаулармен бас қосулар болып тұрса, немесе қыз балалардың тәрбие орталығы ашылса артық емес.

Баяғы ана, әже, жеңге тәлім-тәрбиесі өз алдына бір институт сияқты еді, сол дәстүр ұмытылып бара жатыр. Ауылдарынан жырақ, ана алақанынан алыста жүрген қыздар ақылға зәру.

“Ауруын жасырған өледі” деген мақалды да ұмытпағанымыз жөн. Ауылдың ұяң қыздарының тағдыр тәлкегіне түсіп жатқандары аз ба?!

Педагогикалық институттың басты мақсаты – мұғалімдер даярлау екені белгілі жайт. Бұл іс мектептердің даму қарқынынан жоғарғы оқу орнының деңгейі биік болған жағдайда ғана алға басады. Сонда ғана білімді де, білікті маман даярлауға қол жеткіземіз.

Кәсіпке, мамандыққа, ұстаздық етуге – бейімділік керек. Бұл проблема жөнінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген профессор Серік Пірәлиев болашақ мұғалімнің оқытушылық қызметті таңдауы мектеп қабырғасында анықталып, жоғары оқу орнында жалғасуы керектігін, студенттердің мамандыққа бейімделуін дұрыс жолға қою жеке басты қалыптастырудағы басты мәселе болып келе жатқанын айта келіп: “Бұл проблема жоғары мектептегі бейімделу проблемасының педагогикалық-психологиялық зерттеулерінде әр қилы қаралғанымен, оны негізінен екі топқа бөліп қарауға болады”, – дейді. “- біріншісі, жоғары мектепте білімділік және ғалымдық қызметке бейімдеу, екіншісі, таңдаған мамандыққа икем-

делу яғни бейімделу болып табылады” /Пірәлиев С. “Болашақ мұғалімнің әлеуметтік және кәсіби бейімделуінің өзара байланыстылығы мәселесі”. //Ұлт тағылымы”. 2001. №2, 59 б./.

Бұдан шығатын қорытынды – студентті өз мамандығына, ұстаздыққа бейімдеу тәсілдерін жетілдіре түскеніміз абзал. Ол үшін мектептермен байланыс жасап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, болашақ студенттерімізбен танысу артық болмас еді.

Ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы ұстаздар мен ғалымдардың екінші құрылтайында сөзін ұстаздарға арнайы айтып: “...Жаңа ұрпақтың болашақ азаматтық бағдары, олардың патриотизмі, туған жерге етенелігі көп ретте сіздерге байланысты, - деген болатын. – Оларды зиян әрекеттерден, есірткіден сақтап, бойларында салауатты өмір салтын орнықтыруға сіздердің күш – қуаттарыңыз жетеді. Ел үшін оның балалары болған шағынан Тәуелсіз Қазақстан үшін мақтаныш сезімін бойларына сіңіріп, оның тарихы мен заңдарын, мемлекеттік нышандарын білгені өте маңызды” [Назарбаев Н.Ә. “Заманның сыншысы да, тарихшысы да бүгінгі жастар” // Егемен Қазақстан, 3 ақпан, 2001/.

Оқыту мен тәрбиелеу қашаннан қатар жүргізіліп, екеуіне де ерекше көңіл бөлініп келеді. Дегенмен де, әсіресе мектепте, тәрбиені бірінші орынға қою керек сияқты. Өйткені қоғамдық тәртіпті бұзып, қылмысты болып жатқандар мен ішімдікке, наркомандыққа үйірсектік тек қана оқымағандардан, надандардан шығып жатқан жоқ. Солардың көбісі мектеп қабырғасынан шыққандар мен институттарда оқығандар. Сол себепті де оқуға көңіл бөлумен қатар тәртіп, тәлім-тәрбие мәселесіне баса назар аударған жөн деп білеміз.

Сан ғасырлар бойы қалыптасып, санамызға сіңісті болған халықтық педагогика соңғы кездері ұмыт қалып бара жатқан сияқты. Халықтан биік, халықтан дана ешкім жоқ. Халықтық педагогика – халық көкірегіне түйген тұжырымдар. Халықтық педагогика жөнінде Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев: “Ол халықтың рухани мәдениетіне толқын – толқын ұрпақтардың көп болып, қауымдасып қосқан шығармашылық үлесінің нәтижесі. Халық педагогикасы халықтың рухани мәдениетінің бір бөлігі, еңбеккер қалың көпшілік мүддесінің айқын көрінісі. Халықтың мұң-мұқтажына, қажетіне сай бұл педагогика тәрбиенің ең адамгершіл, ең демократияшыл мұраттарын ұсынады” /Әлімбаев М. “Халық – ғажап тәлімгер” – Алматы: “Рауан”, 1994. 5 б./, – дейді.

Адамгершілікті, арды ойлау – ең құнды асыл қасиет. Талантты ақын әрі педагог – ғалым М. Жұмабаев та бала тәрбиесінде ұлттың тамыры – ұлттық психологияны қалыптастыруды бәрінен жоғары қойып, халық педагогикасының негізінде оқытып, тәрбиелеу мәселесіне айрықша көңіл бөлген.

Ұлы ұстаздар Ы. Алтынсарин де, А. Байтұрсынов та алғаш мектеп қабырғасынан тәлім-тәрбие, білім алғанымен, өмір бойы өз беттерімен ізденіп, білімдерін жетілдірумен болған. Ол кезде оқулықтар да, басқа көмекші құралдар да тапшы, табылуы да қиын еді. Қазір ше? Қазір бәрі бар, тек ұмтылыс, құштарлық жетіспей жатады. Жас мамандар үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-педагогикалық журналдары “Ұлт тағылымы”, “Қазақстан мектебі” халықаралық ғылыми-педагогикалық басылым “Қазақстан жоғары мектебі”, осы басылымның ғылыми қосымшасы “Ізденіс” журналдарының берері орасан зор. Себебі бұл басылымдарда жоғары мектеп реформасы мен 2030 бағдарламасының білім, ғылым, мәдениет салаларындағы жүзеге асу барысы жиі жазылып тұрады.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының өткені және бүгінгі жағдайы мен маман кадрлар даярлау, жастар ісі, олардың ғылыми ізденістерімен де таныса аласыздар. Өркениетті елдердегі білім беру жүйесі, олардың озық тәжірибелері, мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының жай-күйі, жоғары мектеп педагогикасы мен әдістемесіне арналған мақалалар да көбінесе осы журналдарда басылып жүр. Сондай-ақ, “Парасат”, “Абай”, “Қазақ тілі мен әдебиеті”, “Зерде” тағы басқа журналдар да, күнделікті, апталық газеттер де үлкен білім шырағы, тәрбие құралы деп білеміз. Баспасөз беттеріндегі тәрбиелік мәні зор мақалаларды оқи жүріп, оларға пікір айтып, үн қоса білуімізді ұмытпауымыз керек.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Ұлт тағылымы. 2001. №3. 18 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. «Қазақша оқу жайынан». «Ақжол». – Алматы: «Жалын», 1991.– 252б.
- 3 Тебегенов Т. Әдебиет-қуатты құрал // Қазақ әдебиеті. 24 қазан, 2005. 3 б.
- 4 Пірәлиева С. Болашақ мұғалімнің әлеуметтік және кәсіби бейімделуінің өзара байланыстағы мәселесі // Ұлт тағылымы». – 2001. – №2. – 59 б.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Заманның сыншысы да, тарихшысы да бүгінгі жастар // Егемен Қазақстан. 3 ақпан. 2001.
- 6 Башарұлы Р. Тәрбиенің толғақты түйіндері // Ұлт тағылымы. – 2001. – №3. – 20 б.
- 7 Әлімбаев М. Халық-,ажап тәлімгер. – Алматы: «Рауан», 1994. – 5 б.

СОЦИАЛЬНЫЕ СЕТИ КАК ЭЛЕМЕНТ РЕШЕНИЯ ВОСПИТАТЕЛЬНЫХ ЗАДАЧ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Омарова Ж.М., Телегина О. С.,

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай

Определение воспитательной деятельности является довольно сложной, многоаспектной проблемой. Так, В.И. Гинецинский в своей работе /1/ рассматривает несколько подходов к определению понятия «воспитание»:

- воспитание есть процесс, который ведет к определенным изменениям;
- воспитание есть социальный процесс, так как осуществляется посредством участия людей;
- воспитание есть развитие, связанное с реализацией ранее заложенных потенциалов;
- воспитание есть процесс социализации, протекающий в форме последовательного и постепенного усвоения индивидуумом и группой социально выработанных норм, ценностей, способов деятельности.

Каждый подход отражает определённый аспект понятия, однако, очевидным является тот факт, что воспитание как процесс невозможен без постоянного общения индивидуума в социуме. Реализация воспитательного процесса в вузе является неотъемлемой задачей наряду с реализацией образовательного процесса.

Одной из главных задач в современной системе высшего образования является воспитание творчески мыслящих специалистов, которые бы обладали высоким творческим потенциалом. Значительную роль в решении задач разработки и внедрения методов и теорий активизации творчески мыслящих, конкурентноспособных в своей области специалистов сыграло широкое применение информационных технологий /2/.

Информационные технологии оказывают сильное влияние на современное общество. С появлением Интернета стало возможным формировать безбарьерное общение людей самых различных культур, находящихся в разных городах и даже странах.

Современные средства коммуникации, такие как электронная почта, телеконференции, он-лайн семинары, интерактивные беседы, первоначально решали в основном задачи делового общения (деловая переписка, информирование, обсуждение проблем, служебные контакты). С интенсивным развитием веб-технологий расширились и возможности осуществления Интернет-коммуникаций: наиболее распространенными формами организации общения с помощью веб-технологий становятся гостевые книги, форумы и блоги.

На сегодняшний день наиболее универсальным инструментом общения и самым популярным сервисом, удерживающим внимание большей части Интернет-аудитории, являются социальные сети. Важно, что социальные сети – это мощный инструмент управления персоналом и проведения рекламных и маркетинговых кампаний /3/.

Социальная сеть в Интернете – интерактивный многопользовательский веб-сайт, представляющий автоматизированную социальную среду, позволяющую общаться пользовате-